

Әдістемелік бірлестігі отырысының хаттамасы № 1.

01 тқыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар – 6

Тәрбиешілер-6

Қатыспағандар-жоқ

Тақырыбы:

Жаңа оқу жылына ӘБ Жоспарын өңдеу және бекіту.

Бағдарламаны іске асыру шартымен мектепке дейінгі ұйымды ұйымдастыру әрекеттері. Біртұтас тәрбие жоспарын іске асыру.

Күн тәртібінде қарастырылған мәселелер:

1. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік бірлестігінің жұмысын талдау.
«2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысының жоспарымен танысу»

-Нормативтік құжаттармен танысу.

-Жаңа оқу жылын жоспарлау.

-Әдістемелік нұсқау хатпен танысу.

-Оқу-тәрбиелік процестің оқу-әдістемесімен қамтамасыз ету. ӘБ жетекшісі:
Борсанова А.С.

2. Шағын-орта топтарының жаңа оқу жылына дайындығы және мектеп алды топтарының оқулықпен қамтылуы.

-Перспективтік -тақырыптық жоспарлауды, сабақ кестелерін бекіту.

-Тәрбиешілер жұмыс кестесін және ашық сабақтар кестесін бекіту.

-Біртұтас тәрбие бағдарламасының кешенді жоспарын құру мәселесі

3. 2024-2025 оқу жылына тәрбиешілердің өзін-өзі жетілдіру тақырыптарын дұрыстап бекіту. ӘБ жетекшісі: Борсанова А.С. , тәрбиешілер

Тыңдалды: 1. ӘБ жетекшісі: Борсанова А.С. ол өзінің сөзінде 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысының жоспарымен, нормативтік құжаттармен, жаңа оқу жылының жоспарымен, әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өтті. Оқу-тәрбиелік процестің оқу-әдістемесімен қамтамасыз ету керектігін ескертті. Шағын-орталықтағы оқыту мен тәрбие жұмысы Мемлекеттік Стандартқа сәйкестендіріліп құрылған. Әдістемелік отырыстарда жылдық жұмыс жоспарлары, тәрбие жоспарлары сабақ кестелері қаралып бекітілді. Біртұтас тәрбие бойынша бағдарламасының негізінде жүзеге асырылатының айтты. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында **ұлттық мүдде, ар-ұят, талап** сияқты

құндылықтар көрініс табуы қажет екенің көрсетіп өтті. Шағын-орта әдіс тәсілдері балалардың шығармашылық ынталарын дамытатынын айтып өтті. Шағын-ортаның оқу- тәрбие жұмысында алдына қойған міндеттері мен мақсаттары 2024-2025 ж оқу жылына.

Шешімі:

2024-2025 оқу жылында шағын-орта жұмысы аталған жоспарларға сай жұмыстар атқарылуы тиіс. Оқу тәрбие жұмысында тәрбиешілер жаңаша бағдарламамен жұмыс атқара отырып біртұтас тәрбие жұмысын қолға алып, жақсы жетістіктерге қол жеткізе білу. Балалардың денсаулықтарын қадағалап, сақтап отыру. Олардың психологиялық жетілулеріне көңіл арта білу.

Тыңдалды: ӘБ жетекшісі: Борсанова А.С. Өзінің сөзінде

- Перспективтік -тақырыптық жоспарлауды, сабақ кестелерін бекітуді ұйғарды.
- Тәрбиешілер жұмыс кестесін және ашық сабақтар кестесін бекіту.
- Әдістемелік апталықтар, жылдық жоспарларды келістіру және бекіту.
- Біртұтас тәрбие кешенді жоспарын бекіту.

Шешімі:

Барлық құжаттар дайындалып, уақытылы тапсырылып түгел бекітілуі тиіс.

Тыңдалды: ӘБ жетекшісі: Борсанова А.С. , тәрбиешілер 2024-2025 оқу жылына тәрбиешілердің өзін-өзі жетілдіру тақырыптарын бекіту туралы сөз сөледі.

Шешімі:

Тәрбиешілердің өзін-өзі жетілдіру және де аталған жоспарлардың тақырыптарын құрып, тапсырып, бекітілуі тиіс.

Хатшы: Кужахметова И.Р.

ӘБ жетекшісі: Борсанова А.С.

